



## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы Ғалымдар мен оқытушылар!

Сіздерді білім мен ғылымның ұшар шыңына айналған, қоғамға сан-салалы кәсіп иелерін дайындап, үлкен белеске қанат қақтырған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекеттің дамуы үшін ғылымның мен жоғары білімнің орны айрықша. Сіздер осы жолда тынымсыз еңбек етіп, жас ұрпаққа үлгі болып келесіздер. 1943 жылы сұрапыл соғыстың кезеңінде негізі қаланған университет бүгінде әлемдік нарықта сұранысқа ие бірегей білім ордасына айналып отыр. Сондай-ақ, Сіздердің жоғары оқу орындарыңыз білім берудің 3 деңгейлі сатысын жоғары деңгейге көтеріп, Отандық университеттердің көшбасшысына айналуда. Бұл әрине, ұжымның, ондағы профессор-оқытушылар құрамы мен ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында. Бүгінгі алмағайып аламан дәуірде ғылыми прогресстің қаншалықты маңызға ие екендігі айтпаса да түсінікті. Жаһандық бәсекеге қабілетті, ойы ұшқыр, кәсіби шыңдалған, танымы мен тағылымы бір арнаға тоғысқан маман даярлау аса маңызды болып отыр. Сіздер осы құндылықтарды берік ұстанып, биіктерге қанат жайып келесіздер. Бұл біз үшін де үлкен қуаныш, мерейлі мәртебе. Университет алдына қойған стратегиялық мақсатты еш кедергісіз жүзеге асырып келеді. Сіздер дайындаған шәкірттер мен дарынды тұлғалар еліміздің әр түрлі салаларында қызмет атқарап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосуда.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ұжымының осы орайдағы бастамаларына толымды табыс тілей отырып, мерейлі 80 жылдық тойларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Алар асуларыңыз биік, шығар шыңдарыңыз мол болғай!

**ҚР Ғылым және жоғары білім  
министрі С.Нұрбек**